

10 том - тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетінің тарихы.

"Қазақ әдебиеті тарихының" бұл соңғы оныншы томы 1991-2001 жылдардағы әдебиетке ғылыми сыпаттама беруге арналған. Атап айтқанда тәуелсіздік кезеңінің бастапқы он жылы ауқымындағы әдеби дамудың ерекшеліктері мен өркен жайып қалыптасуға айналған заңдылықтарын зерттеуді көздейді. Кітап алғы сөз, кіріспеден және көркем туындыларды жанр-жанрымен қарастырған монографиялық тараулардан тұрады. Томға Қазақстан халықтарының әдебиеті, қазақ әдебиетінің аталған дәуірдегі халықаралық байланыстары туралы зерттеулер, әдеби өмір шежіресі және библиографиялық көрсеткіш берілді.

Бүгінгі дербес Қазақстан - егемен мемлекет болуымен қатар, демократияшыл қоғам құрылысына кіріскен ел. Бодандық қапасынан босанып, өз тағдырының кілтін өз қолында ұстау, еркін тыныстап, ерікті сезіну қай халық үшін де - ұлы оқиға, қайталанбас дәурен, ғажайып құбылыс. Ежелден еркіндік аңсаған қазақ қауымы үшін бұдан өткен бақыт, қуаныш болмасқа керек. Әрқашан халқымен біте қайнасқан көркем өнер өлкесінің өрендері елімен бірге шаттық шабытына бөленіп, жасампаз творчествоға жұмыла бет қойды. Ұлы уақыт пафосы, ұлт өмірін жаңғырту рухы егілген көркем туындыларын үсті-үстіне толассыз жамыратып, әдебиетіміздің жаңа тарихын бастап та кетті.

Қазақ әдебиеті тарихының соңғы оныншы томы құрылымы жағынан негізінен бұған дейінгі томдардың ізін басады. Өткендегідей әдеби даму процесінің бел-белестерін талдауды жіктеудің жанрлық принципін басшылыққа ала отырып жүргізеді. Әдеби кезең шығармаларын тақырып-тақырып бойынша тексереді. Өзгешелігі, бұл кітапта жеке жазушылардың өмір жолы мен шығармагерлігі туралы монографиялық очерк беру қажет деп табылмады. Себебі тәуелсіздік кезеңі әдебиеттің идеялық-эстетикалық нәм стильдік жаңалықтарына шешуші ықпал жасаған жазушылар легі әлі толық түзіліп болған жоқ. Оның бер жағында кезеңнің өзі де әлі толысу үстінде. Құбылыс ретінде түпкілікті қалыптасып үлгіре қойған жоқ.

Бұл томды жазу ісіне сақа әдебиеттанушылармен қатар, орта буын, жас зерттеушілер қатыстырылды. Олардың ішінде атап айтқанда, филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Елеукенов ("Алғы сөз", "Кіріспе", "Роман", "Повесть, хикаяттар"), жазушы, сыншы, "Қазақ әдебиеті" газетінің бөлім меңгерушісі Д. Рамазан ("Әңгіме"), филология ғылымдарының кандидаты С.Байжанов, әдебиетші К.Бейсенбіқызы ("Деректі әдебиет"), филология ғылымдарының докторы А.Мархабаев ("Фантастика"), жазушы, оқытушы ғалым Ү.Уәйдаұлы ("Сатира"), филология ғылымдарының кандидаты Ә.Қайырбеков ("Лирика"), филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Нарымбетов ("Поэма", "Әдеби өмір шежіресі", "Әдебиет көрсеткіші" - 1991-1997 жылдар), ғылыми қызметкер А.Қалиасқарова ("Әдебиет көрсеткіші" - 1998-2001 жылдар), профессор Ә.Сығаев ("Драматургия"), филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Мамраев, филология ғылымдарының кандидаты С.Ананьева ("Қазақстан халықтары әдебиеті"), филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Тұрысбек ("Әдебиеттану"), филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Әбдезұлы ("Әдеби көркем сын"), филология ғылымдарының докторы, профессор М.Маданова ("Қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары") секілді зерттеушілер бар.